

Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 200 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдама (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Іс-қимыл жоспарының (бұдан әрі – Іс-қимыл жоспары) уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей Іс-қимыл жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі қоғамда Тұжырымдаманы ілгерілету бойынша ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 1 сәуірдегі
№ 200 қаулысымен
бекітілген

Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдама

Ескерту. Тұжырымдама жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.07.2026 № 610 қаулысымен.

Мазмұны:

1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты.

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу.

4-бөлім. Құқықтық мәдениетті дамыту пайымы.

5-бөлім. Идеологияны дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер.

7-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (осы Тұжырымдамаға қосымша)

1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты

Тұжырымдаманың атауы	Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдама
Әзірлеу үшін негіздемелер	Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Жолдауы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы; Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың 2025 жылғы 14 наурыздағы төртінші отырысында сөйлеген сөзі; Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары; Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2024 жылғы 29 қазандағы № 24-02-1.26 тапсырмасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 сәуірдегі № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 81 және 83-тармақтары; 7) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2025 жылғы 2025 жылғы 23 қыркүйектегі №25-52-4/3 ҚБП тапсырмасы; 8) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2026 жылғы 19 наурыздағы № 52-12.146 ПАБ-8 тапсырмасы
Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, ведомстволық бағынысты мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер
Іске асыру мерзімі	– 2030 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында қоғамда құқықтық мәдениет пен құқықтық тәртіп деңгейі артуының оң үрдісі байқалады.

Қазақстан "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасының негізгі элементі болып табылатын заңдылық пен тәртіп қағидаттарын нығайтуға бағытталған реформаларды белсенді түрде жүргізуде.

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында мынаны атап өтті: "Соңғы бес жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді. Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда."

Мәселен, Конституциялық Соттың құрылуы, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебенің берілуі, прокуратура органдарының рөлін күшейту маңызды оқиғалар болып табылады. Осы бағыттар бойынша азаматтар үшін бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және осындай бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жаңа мүмкіндіктерді айқындайтын Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" және "Прокуратура туралы" конституциялық заңдары қабылданды.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда Конституциялық Сот өз жұмысын бастады, ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді. Барлық азаматтар, Бас Прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық бақылау органына жүгіну құқығын алды.

Осылайша, конституциялық реформа Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірдің бастауы болды. Бұл соңғы үш жылдағы саяси өзгерістерді бекемдеуге және мемлекеттілікті одан әрі нығайтуға берік негіз қалауға мүмкіндік берді.

2023 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы Ақпараттық доктринасының бекітілуі бұл бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болды. Бұл құжат еліміздің ақпараттық кеңістігінің орнықты жұмыс істеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ жалған ақпаратқа және қоғамдық пікірді манипуляциялауға қарсы іс-қимылға бағытталған.

Бұдан басқа, 2020 жылғы тамызда Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы қабылданды, оның мақсаты азаматтардың мемлекеттік істерді басқаруға белсенді қатысуы үшін қолайлы жағдай жасау және мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы әріптестікті нығайту болып табылады.

Үкімет әлеуметтік жобалар мен гранттарды қаржыландыра отырып, азаматтарды құқықтық оқыту үшін үкіметтік емес ұйымдармен (бұдан әрі – ҮЕҰ) белсенді түрде ынтымақтастық жасайды. Жыл сайын негізінен құқықтық ағартуға бағытталған 2000-ға жуық әлеуметтік жоба іске асырылуда. ҮЕҰ реформалар мен ағарту жұмысын қолдай отырып, мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестерге қатысады. Адам құқықтары және бала құқықтары жөніндегі уәкілдер азаматтар мен балалардың

құқықтарын қорғау үшін ҰЕҰ-мен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Мұндай ынтымақтастық елімізде халықтың құқықтық сана-сезімін жақсартуға және құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді.

Соңғы бес жылда елімізде қылмыскерлік деңгейі төмендеуінің орнықты үрдісі байқалады. Ресми статистикаға сәйкес (ҚР БП ҚСЖАЕК) қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 46,7 %-ға (2020 жылғы 236594-тен 2024 жылы 126039-ға дейін), оның ішінде қылмыстың басқа түрлері бойынша қысқарды:

кісі өлтіру – 32,6 %-ға (839-дан 565-ке дейін);

ұрлық – 54,8 %-ға (66864-тен 30180-ге дейін);

тонау – 75,4 %-ға (6265-тен 1538-ге дейін);

қарақшылық шабуыл – 72 %-ға (457-ден 128-ге дейін);

бұзақылық – 72,5 %-ға (5770-ден 1582-ге дейін).

Қылмыскерліктің құрылымы да өзгерді. Дәстүрлі түрде мүліктік қылмыстар (ұрлық) неғұрлым кеңінен таралған болатын.

Алайда қылмыскерлік үнемі трансформациялауда болады. Мұндай өзгерістердің басты себептерінің бірі – әлеуметтік-экономикалық фактор және технологиялық прогресс.

Заңға мойынсынатын азаматтар заманауи технологияларды даму немесе өнертабыстар үшін пайдаланатыны сияқты, қылмыстық әлем де қылмыстар жасауға мүмкіндік беретін механизмдерді табады.

Осының аясында алаяқтық – 39,6 %-ға (31433-тен 43890-ға дейін) және бопсалау – 71,7 %-ға (315-тен 541-ге дейін) – сияқты қылмыстардың саны артты.

Атап айтқанда, алаяқтықтың, әсіресе Интернет пен телефон алаяқтығының үлесі айтарлықтай өсті, соның салдарынан қылмыстың бұл түрі жалпы қылмыскерлік құрылымында жетекші орынға ие болып отыр.

Лудоманияға қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған кешенді тәсілдерге қарамастан, проблема әлі де сақталуда. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша 2020 – 2023 жылдар аралығында қазақстандықтар құмар ойындарға

1 трлн теңгеден астам қаражат жұмсаған, лудомания ажырасулардың 38 %-ына себеп болған.

Қазіргі уақытта 400 мыңға жуық адам казино мен букмекерлік конторалардың тұрақты клиенттері болып табылады.

Қылмыскерліктің трансформациялануы есірткі мен психотроптық заттарды өткізудің жаңа әдістеріне алып келді. Интернет те есірткі сататын алаңға айналды.

Тиісінше, есірткіге байланысты қылмыстар саны 7 %-ға өсті (7243-тен 7754-ке дейін). Героинді синтетикалық есірткілер алмастырды, олардың құрамдас бөліктері еркін сатылымда. Бұл әлемдік үздік практикалар негізінде химиялық компоненттер мен прекурсорлардың заңды айналымын бақылауды қамтамасыз ету үшін тиімді құралдарды енгізуді талап етеді.

Қаскүнемдер ақпаратқа оны көпшілікке таратуға арналған ресурстары көп адам иелік етеді деген қорытындыға келді. Бұған мысал фейктік жаңалықтар мен жалған ақпаратты тарату болып табылады. Әлеуметтік желілер мен басқа да онлайн-платформалар арқылы жалған ақпарат тез таралып, қоғамдық көңіл-күй мен саяси процестерге әсер етеді.

Интернет радикалдандыру және террористерді арбау алаңына айналды.

Экстремистік ұйымдар өз насихатын тарату, шабуылдарды үйлестіру және жоспарлау үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдаланады.

2020 – 2024 жылдар аралығында Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – СТБТ) 1541 қылмыстық құқық бұзушылық, оның ішінде әртүрлі экстремистік іс-әрекеттердің 755 фактісі және 786 терроризм актісі туралы жалған хабарлама тіркелді.

Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуымен балалар порнографиясы, онлайн жыныстық қудалау және сексуалдық қызметтер саудасы сияқты сексуалдық қылмыстардың жаңа түрлері пайда бола бастады.

Адам саудасына байланысты тіркелген барлық қылмыстар: жылдар бойынша: 2020 жылы – 111; 2021 жылы – 103; 2022 жылы – 77; 2023 жылы – 152; 2024 жылы – 207 (оның ішінде кәмелетке толмағандар арасында – 2019 жылы – 12; 2020 жылы – 18; 2021 жылы – 12; 2022 жылы – 17; 2023 жылы – 24; 2024 жылы – 19).

Қылмыскерліктің жай-күйі уақыт өте келе өзгеруде және қылмыстардың мазмұнына, үрдістеріне, себептері мен жағдайларына байланысты болады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар құқық қорғау жүйесін қазіргі әлемдегі қылмыскерліктің өзгермелі сипатына бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді.

Сонымен қатар халықтың мемлекеттік органдар институттарына деген сенім деңгейі айтарлықтай жоғары емес.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша әлеуметтік сауалнамалардың қорытындысы бойынша азаматтардың шамамен 66 %-ы құқықтық тәртіптің негізгі институттарына – құқық қорғау органдары мен соттарға толық сенім артады, ал қалғандары (шамамен 26 %-ы) не ішінара сенім білдіреді, не сенімсіздік білдіреді.

Бұл азаматтардың бәрі бірдей әділеттілік пен құқық қолдану тиімділігіне сенім білдіре бермейтінін көрсетеді. Сенімнің төмен деңгейі құқықтық сауаттылықтың маңыздылығын қабылдауға теріс әсер етіп, заңға немқұрайлы қарауды қалыптастырады.

Азаматтарының заңдылықты нығайту жолында жұмылдыратын жұмысы ғана қоғамда әділдік орнатуы бәріне.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы: "Заң бәріне бірдей. Азаматтарымыз заңдылықты нығайту жолында жұдырықтай жұмылса ғана қоғамда әділдік орнайды" – деп атап өтті.

Алайда қоғамда заң идеологиясын нығайтуға кедергі келтіретін проблемалар сақталуда.

Біріншіден, бұл лауазымды адамдар тарапынан сыбайлас жемқорлық және теріс пайдалану жағдайлары, ол азаматтардың заң салтанат құрады деген сеніміне нұқсан келтіреді.

Екіншіден, құқық бұзушылық тәуекелін арттыратын және құқықтық нормаларға назар аударуды төмендететін жұмыссыздық, табыстың төмендігі және халықтың жекелеген топтарының білім деңгейі сияқты әлеуметтік-экономикалық факторлар.

Бұдан басқа, өңірлік диспропорциялар (қала/ауыл) адамдардың құқықтық ақпарат пен сот төрелігі институттарына қолжетімділігіне әсер етеді.

Үшіншіден, мәдени ерекшеліктер мен дәстүрлер.

Мысалы, жекелеген өңірлерде дауларды шешудің формалды емес практикаларына (ақсақалдар кеңесі, туыстық байланыстар) жүгіну тән, бұл ресми құқықпен үнемі келісе бермейді.

Сондықтан заң қоғамдық өмірдің табиғи бөлігі ретінде қабылдануы үшін әділеттілік пен тәртіптің дәстүрлі құндылықтарын заманауи құқықтық мәдениетке интеграциялау талап етіледі.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуде, азаматтардың құқықтық санасын арттыруда және мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтуда шешуші рөл атқарады.

Әртүрлі елдерде қолданылатын тәсілдер тарихи, мәдени және саяси контекстке байланысты болады.

Батыстың демократиялық модельдері құқықтық сана мен азаматтық белсенділікке баса назар аударады. Мәселен, АҚШ-та полиция мен қоғамның өзара іс-қимылына бағытталған бағдарламалар (Community Policing) белсенді дамып келеді.

Бағдарламаның негізгі қағидаттары:

азаматтар мен құқық қорғау органдары арасындағы сенімді нығайтуды;

жергілікті қоғамдастықтарды қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартуды;

азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіретін білім беру бастамаларын қамтиды.

Сондай-ақ жарқын мысалдардың бірі D.A.R.E. (DrugAbuseResistance Education) бағдарламасы болып табылады, ол мектептердегі білім беру курстары арқылы жастардың бойында заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған.

Банк саласындағы кибералаяқтықты азайту үшін көпфакторлы аутентификациялау және барлық банктік операцияларды баяулату жасанды түрде енгізілді.

Ұлыбританияда заң мен тәртіп идеологиясы заң үстемдігі (Rule of Law) дәстүрімен тығыз байланысты.

Басты механизмдер:

әділеттілікті қамтамасыз ететін қуатты сот жүйесі;

коммерциялық емес ұйымдар (бұдан әрі – КЕҰ) және құқық қорғау ұйымдары арқылы қоғамның белсенді қатысуы;

жастарға заңнаманың негіздерін түсінуге көмектесетін "Street Law" сияқты ағартушылық науқандар.

Мұнда метро станцияларында вандализм деңгейін төмендету үшін классикалық музыка мен жарқын граффити қолданылады. Мұндай тәсілдің арқасында станциялар құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасау үшін тартымсыз болып қалды.

Осыған ұқсас әсерді қоғамдық аймақтарда бақылауда болу елесін тудыратын және агрессияны төмендететін айналарды қолдану қамтамасыз етеді.

Ұлыбританияда мектептердің 90 %-ы цифрлық қауіпсіздіктің стандартталған бағдарламаларын қолданады, бұл зиянды контентке тап болатын балалардың үлесін 10-16 %-ға төмендетіп, интернеттегі қауіп-қатерлер туралы хабардарлықты 20 %-ға арттырды (Ofcom коммуникациялар саласындағы ұлттық реттеушінің деректері бойынша).

АҚШ-та, Канадада және Еуропада жыл сайынғы Walk Audit (жаяу жүргіншілер аудитін) және School Zone (мектеп аймақтарын) қамтитын Safe Routes to School ("Мектепке баратын қауіпсіз маршруттар") бағдарламасы іске асырылуда. Мұндай аудандарда мектеп жасындағы жаяу жүргіншілердің жарақаттану деңгейі 33-44 %-ға төмендеді.

Германияда заңдар мен адам құқықтарын құрметтеуге негізделген "құқықтық мемлекет" (Rechtsstaat) нақты тұжырымдамасы бар.

Мемлекет мыналарды:

құқықтық сананы арттыру бағдарламаларын (мысалы, мектептердегі құқық курстары арқылы);

қатаң, бірақ әділетті құқық қорғау жүйесін;

заңның сақталуына қоғамдық бақылау жасау тетіктерін (тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары, полицияны қадағалау жөніндегі комиссиялар) белсенді іске асыруда.

Медиацияны кәсібилендіру және оның нәтижелерін соттардың ескеруі рецидивті 15-25 %-ға төмендетті, ал түрмелердегі білім беру жауапкершілігін өңірлік органдарға беру бұрын сотталғандарды жұмысқа орналастыруды 10-15 %-ға арттырды.

Сонымен қатар академиялық адалдықтың бірыңғай стандарттарын енгізген неміс жоғары оқу орындарында студенттердің қайталанатын тәртіптік бұзушылықтарының 20-30 %-ға төмендегені тіркелді (German Rectors' Conference – ректорлар бірлестігінің деректері бойынша).

Исландияның тәжірибесі жастар арасындағы қылмыстар профилактикасының маңыздылығын көрсетеді. Елде Youth in Iceland бағдарламасы бар, оның шеңберінде:

мемлекет жасөспірімдердің бос уақытты пайдалы өткізуіне арналған инфрақұрылым жасайды (спорт клубтары, шығармашылық студиялар, жастар орталықтары), көрсетілетін қызметтер тегін немесе қолжетімді бағада;

кәмелетке толмағандарға алкоголь мен темекі сатуға байланысты қатаң шектеулер енгізілді, коменданттық сағат қолданылады;

ата-аналар отбасылық қатынастарды нығайту бойынша білім беру курстарына қатысады.

Әлеуметтік желілердің белсенді дамуын және олардың қоғамдық санаға тікелей әсерін ескере отырып, әлеуметтік желілердегі контент сапасын арттыру және азаматтарды олардың теріс ықпалынан қорғау мәселелері өзекті болып табылады, сондықтан 2025 жылы Италияда (Code of Conduct), Үндістанда (ITGC), Қытайда, Норвегияда инфлюенсерлерге арналған мінез-құлық кодекстері қабылданды. Германияда Желілердің жауапкершілігі туралы заң (NetzDG) фейк контентке қатысты шағымдарды 25-30 %-ға азайтуға мүмкіндік берді.

Мексика мен Колумбияда үкіметтік емес және діни ұйымдар бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) заңды ұстану – өз қаланды криминалдан қорғау деген идеяларды насихаттау үшін бірікті.

Тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік органдар, мектеп, бұқаралық ақпарат құралдары, діни және қоғамдық көшбасшылар бір-бірін күшейте отырып, келісілген түрде әрекет етсе, қоғамдық санадағы өзгерістер айтарлықтай жылдамырақ өтеді.

Азиялық модельдер қоғамдық тәртіп пен тәртіптілікті сақтауға басымдық береді.

Қытайда "үйлесімді қоғам" идеологиясы үстемдік құрған.

Ол ұжымдық жауапкершілік және үйлесімді қоғамдық тәртіп қағидаттарына негізделген.

Негізгі құралдар:

БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы жаппай құқықтық насихат;

сыбайлас жемқорлықпен және құқық бұзушылықтармен күрес жөніндегі мемлекеттік науқандар;

азаматтарды заңға бағынатын мінез-құлыққа ынталандыратын әлеуметтік кредит жүйесі.

Жапонияда құқықтық сананы тәрбиелеу әлеуметтік институттар арқылы іске асырылады.

Мұнда заң мен тәртіпті насихаттау ұжымдық жауапкершілік пен тәртіптің терең орныққан мәдениетіне негізделген.

Жүйенің маңызды элементтері:

мектептер мен университеттердегі заңды құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламалары;

"Koban" жүйесі – тұрғын аудандардағы шағын полиция учаскелері, онда офицерлер жергілікті тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс істейді;

заң нормаларын ерікті түрде сақтауды көтермелейтін қоғамдық бастамалар мен бірлестіктер.

Жапонияда мұғалімдерді міндетті кәсіби дамыту жүйесіне құқықтық сауаттылық, қақтығыстар медиациясы бойынша модульдер енгізілген. Педагогтердің 40 %-ы курстардың оқыту сапасына, тәртіпті басқаруға және оқушылардың проблемалық мінез-құлқының профилактикасына тікелей оң әсерін тигізетінін атап өтеді.

Бұдан басқа, қатаң бақылау мен алдын алу шараларын қабылдауға негізделген авторитарлық және гибриді модельдер жұмыс істейді.

Мәселен, Сингапурда жазалаудың қатаң жүйесі мен заңға бағынатын тәрбиелеу тетігі жұмыс істейді.

Басты механизмдер:

бұзушылықтар үшін қатаң жазалар (ауыр қылмыстар үшін жазалар мен өлім жазасын қоса алғанда);

қоғамдық мінез-құлықты жаппай бейнебақылау және цифрлық мониторингтеу;

заңға бағынатын азаматтарды көтермелеу бағдарламалары (мысалы, салықтық жеңілдіктер).

Осы елде қолданылатын жүйелерді (Smart Nation), биометрияны (SingPass Face Verification) және бірыңғай командалық орталықтарды интеграциялау ден қою уақытын 20 %-ға қысқартуға және цифрлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қанағаттанушылық деңгейін 90 %-ға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

"Заң мен Тәртіп" қағидаты қатаң жеке жауапкершілік және нақты сыбайлас жемқорлық кейстерінің симуляциясын, этикалық тәуекелдердің цифрлық бағалауын қолдана отырып, мемлекеттік қызметшілерді міндетті түрде оқыту арқылы іске асырылады. Нәтижесінде билік институттарына деген сенім деңгейі тұрақты түрде 80 %-дан жоғары болып отыр.

Біріккен Араб Әмірліктерінде (бұдан әрі – БАӘ) заң тұрақтылық құралы болып табылады, сондықтан заң мен тәртіп өркендеудің негізі ретінде қабылданады.

Негізгі тәсілдер мыналарды қамтиды:

қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін қатал заңдар;

технологияларды белсенді пайдалану (мысалы, "Smart Police" жүйесі);

бейнебақылау камераларының жасанды интеллектімен интеграцияланған кең таралған желісін қамтитын "Ақылды Дубай" (Smart Dubai) жүйесін пайдалану (жүйеге азаматтар мен меймандарды дәл сәйкестендіруді қамтамасыз ететін бақылаудың биометриялық параметрлері енгізілді, осы және басқа да технологиялар қылмыстарды нақты уақыт режимінде анықтауға және қауіпсіздік қатерлерін болжауға көмектеседі);

арнайы бастамалар (құқық қорғау органдарындағы волонтерлік) арқылы азаматтық қатысуды ынталандыру.

БАӘ заңнамасы алкогольді, есірткіні қолдану мәселелерін және қылмыскерлікке ықпал ететін басқа да факторларды қатаң бақылайды.

Осылайша, әр ел заң мен тәртіпті қамтамасыз етудің өзіндік жолын таңдайды, бірақ құқықтық ағартудың, қоғамның билікпен ынтымақтастығының үйлесімі және ақылға қонымды бақылау анағұрлым тиімді стратегия болып табылады.

Білім беру және құқықтық ағарту – заңды құрметтеуді қалыптастырудың кілті (Германия, АҚШ, Жапония).

Полиция мен қоғамның ынтымақтастығы – сенімді арттырады және қылмыстың алдын алады (Ұлыбритания, АҚШ, Жапония).

Цифрлық технологиялар мен мониторинг қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тиімді, бірақ адам құқықтарымен тепе-теңдікті сақтауды талап етеді (Сингапур, Қытай, БАӘ).

Қатаң заңдар мен жазалар тиімді болуы мүмкін, бірақ әділетті құқық қолдану практикасын қажет етеді (Сингапур, Қытай, БАӘ).

Қоғамдық қатысу бағдарламалары әлеуметтік жауапкершілік пен құқықтық тәртіпті нығайтады (Германия, Ұлыбритания, Жапония).

Зерделенген шетелдік тәжірибенің жекелеген элементтерін ұзақ мерзімді институционалдық нәтижеге бағдарлана отырып, негізгі шарт – қажетті қаржылық, адами және уақытша ресурстарды бөлу сақталған жағдайда Қазақстанда да қолдануға болады.

4-бөлім. Құқықтық мәдениетті дамыту пайымы

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде мынаны белгілеп берді: "Біздің ұлтымыздың арман-мұраты әділетті, қауіпсіз, таза, қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алады. Біз баршаға және әркімге зор мүмкіндік беретін мемлекет құрып жатырмыз. Бұл – әр азамат өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу деген сөз.

Заң мен тәртіп – біздің мызғымас тұғырымыз. Бұл, ең алдымен, еліміздің әр азаматына және барша халқымызға ортақ тәртіп. Ал біздің идеологиямыз – қарапайым әрі түсінікті. Бұл – жаһандағы аса күрделі геосаяси ахуалда елімізді жаңа даму деңгейіне көтеру үшін берік негіз қалау деген сөз. Мемлекетіміздің тағдыры мен ұлтымыздың берекелі өмірі осыған тікелей байланысты."

Құқықтық мәдениеттегі ағымдағы ахуалды және халықаралық тәжірибені талдау кезінде анықталған проблемалық мәселелер негізінде Қазақстан Республикасындағы заң мен тәртіп идеологиясын қоғамда ілгерілету бойынша мынадай бағдарлар айқындалды.

Біріншісі – адам құқықтық сана мен мәдениеттің маңыздылығын түсінуі тиіс. Яғни, құқықтық нормаларды үстірт қабылдаудан оларды саналы түрде сақтауға көшуге бағыт алған жөн.

Екіншісі – кез келген азамат мемлекеттің қауіпсіз орта қалыптастырып жатқанын, ал мемлекеттік органдар айқын қызметтер ұсыну және ашық диалогты қамтамасыз ету арқылы халықтың мүддесіне қызмет ететінін сезінуі тиіс.

Сонымен қатар әрбір азамат, әсіресе мемлекеттік қызметші заңдылық пен құқықтық тәртіпті бұзғаны үшін жауаптылықтың бұлтартпастығын сезінуі керек.

Үшіншісі – осындай жағдайлар болған кезде, адам тек заңдарды сақтауға ғана емес, сонымен бірге мұндай мінез-құлықты өз ортасында насихаттауға және қоғамның дамуына үлес қосуға ұмтылады деп күтуге болады.

Құқықтық түсіндіру жұмысы саласындағы мемлекеттік саясат құқықтық мәдениетті дамытуда және азаматтардың өз құқықтары мен міндеттері туралы хабардарлығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл қызмет құқықтық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, заңнаманы дұрыс түсінуге және қолдануға көмектесуге, сондай-ақ қоғамның құқықтық сауаттылық деңгейін көтеруге бағытталған.

Құқық бұзушылық профилактикасы, жастармен және әлеуметтік осал топтармен жұмыс істеу қылмыс санын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Дұрыс ұйымдастырылған профилактикалық жұмыс құқық бұзушылықтар орын алғанға дейін оларды жасау ықтималдығын төмендетеді.

Сервистік модельге көшу билік органдарын халықпен неғұрлым сапалы, тиімді және ашық өзара іс-қимыл жасауға бағдарлайды. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алудың қарапайымдылығы, іс-қимылдардың ашықтығы және азаматтардың сұрау салуларына жедел жауап беру мемлекеттік құрылымдардың оң имиджін қалыптастырады және халықтың қанағаттанушылығын арттырады.

Азаматтар билік органдарының олардың қажеттіліктеріне бағдарланатынын, ашық және қолжетімді қызметтер ұсынатынын көргенде, олардың осы құрылымдарға деген сенімі айтарлықтай артады. Ашықтық пен халықпен өзара іс-қимыл наразылық деңгейін төмендетуге және әлеуметтік шиеленісті азайтуға көмектеседі.

Процестерді цифрландыру мен автоматтандыру, құқық қорғау органдарының жұмысында жаңа технологияларды пайдалану (мысалы, қылмыскерлікті мониторингтеу немесе деректерді талдау үшін) олардың қызметін тиімдірек етеді. Бұл әкімшілік процестердің орындалуын жеделдетіп қана қоймай, жұмыс нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Халықпен белсенді ынтымақтастық, сондай-ақ азаматтармен байланыс орнатуға арналған бейнебақылау жүйелері немесе мобильді қосымшалар сияқты қауіпсіздіктің инновациялық тәсілдерін енгізу қалалар мен елді мекендерде қауіпсіз ортаны құруға көмектеседі. Билік органдарының тиімді жұмыс істеп жатқанын және қауіпсіздіктің қамын ойлайтынын көргенде, адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді.

5-бөлім. Идеологияны ілгерілетудің негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Мақсаттарға қол жеткізу қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілетуге және нығайтуға арналған тексерілген әдістер мен құралдарды қолдана отырып, нақты қағидаттарға негізделуі тиіс.

Тұжырымдаманы іске асыру Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын есепке алады және олармен өзара байланысты болады.

Атап айтқанда, "Заң мен Тәртіп" қағидаты азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және заң алдындағы бәрінің теңдігі, жазаның бұлтартпастығы мен жоғары құқықтық мәдениет арқылы әділдіктің негізін қалыптастырады. Осы қағидат мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимыл жасасуы мен жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарының бірі ретінде айқындалып, елдегі заңдылық мен тәртіпті нығайтуға бағытталған. Оған сәйкес мемлекеттік және құқық қорғау органдарының жұмысы халықтың құқықтық сауаттылығы деңгейін арттыруға, заңдар мен құқықтық нормаларды сақтауға бағдарланған тұрақты әдеттер мен мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталуға тиіс.

"Адал азамат" қағидаты қоғамда адал еңбегімен табысқа жетіп жүрген заңға бағынатын, білімді, отансүйгіш және жауапты азаматтың бейнесін қалыптастырады. Іс жүзінде ол білім беру, ағартушылық және мәдени жобалар, заңнамалық бастамалар мен салауатты өмір салтын насихаттау арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ әділетті және прогрессивті қоғам құрылатын құндылықтарды айқындайды.

"Таза Қазақстан" қағидаты барлық азамат үшін ортақ жасампаз ойлау логикасын белгілейді. Тазалық пен тәртіпті сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау ұлттық сипаттың ажырамас белгілеріне айналуы тиіс. "Таза Қазақстан" – бұл азаматтардың жауапкершілігін арттыратын және қоғамда жаңа этиканы қалыптастыратын қағидат.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидаты – мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасауға және азаматтардың сындарлы сауалдарына жедел ден қоюға сайып келетін мемлекеттік басқарудың басымдылық етуші қағидаты. Іс жүзінде ол басшылардың халықпен кездесулері, сарапшылық алаңдар, консультативтік органдар мен ашық үкімет порталы, "Е-petition" және "e-Otinish" сияқты цифрлық байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады. Мұндай ашық жұмыс мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтады.

Мемлекеттік қызметші "Заң мен тәртіп" идеологемасын жеткізуші және жалғастырушы, ал оның іс-әрекеттері жалпы мемлекеттік институттарға деген қоғамдық сенімді қалыптастыру факторы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда жеке үлгі және мінсіз бедел қағидаты заңға бағынушылыққа, этикалық мінез-құлыққа және кәсіби жауапкершілікке жоғары талаптар қояды, бұл заңнамаға, қызметтік этикаға немесе жария мінез-құлық стандарттарына қайшы келетін әрекеттер үшін дербес жауапкершілікті көздейді. Азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне нұқсан келтіретін бұзушылықтар идеологеманы беделсіздендіру ретінде қарастырылады және заңдық жауаптылық пен беделдік бағалауға жатады.

Сонымен бірге, құқықтық мәдениетті дамыту мынадай қағидаттар негізінде құрылуы тиіс.

Заң үстемдігі және заңның жалпыға бірдейлігі қағидаты

Заңда бөле-жару жоқ, ол бәріне бірдей және оның талабын әрбір азамат пен ұйым міндетті түрде орындауға тиіс. Практикалық жазықтықта бұл құқықтық тәртіптің іргетасы ретінде заң алдындағы теңдікті білдіреді. Бұл ретте мемлекеттік органдар лауазымдық жағдайына немесе сіңірген еңбегіне қарамастан, заңдардың барлығына бірдей әділ қолданылуын қамтамасыз етеді.

Бұл қағидат қоғам үшін сезілетіндей болуы тиіс – кез келген бұзушылыққа (ұсақ бұзақылық немесе сыбайлас жемқорлық қылмысы болсын) мемлекет тиісті түрде ден қояды. Мұндай тәсіл халық арасында елде шынымен де әділеттілік салтанат құрған, яғни заңды сақтау дұрыс әрі тиімді деген сенімді қалыптастырады.

Ашықтық және есептілік қағидаты

Құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығы, қоғамның қабылданатын шешімдер туралы ақпаратқа қол жеткізуі – сенімнің маңызды шарттары. Халық сот төрелігі "қосарланған стандарттарсыз" жариялы жүзеге асырылатынын көруі тиіс.

Полицияның қоғам алдындағы жария есептерінің практикасын одан әрі ұстанған жоқ (қоғамдық кеңестер, түйінді көрсеткіштерді жариялау, резонанстық істерді БАҚ-та жазып-көрсету арқылы). Процестердің ашықтығы қауесеттер мен құқықтық нигилизмнің туындауын азайтады, азаматтардың сот төрелігін іске асыруға қатыстылығы сезімін арттырады.

Адам құқықтарын құрметтеу және әділеттілік қағидаты

Заң идеологиясын ілгерілету кез келген нормативтік актілерге көзсіз бағынуға шақыруға негізделмеуі тиіс. Заңдардың өзі және оларды іске асыру әділеттілік пен азаматтардың құқықтарын қорғау қағидаттарына сай болуы маңызды.

Тұжырымдама шеңберінде адам құқықтарына, мемлекет пен азаматтардың өзара жауапкершілігіне екпін бере отырып, құқықтық ағартуды жетілдіру керек. Осылайша, қоғам алдында заң талаптарының заңдылығы нығаятын болады. Азаматтар әділ және қоғамдық мүдделерге сәйкес келетін нормаларды ынтамен сақтайтын болады.

Жалпыға бірдей қатысу және үйлестіру қағидаты

Құқықтық мәдениетті арттыру – мемлекеттің, бизнестің, үкіметтік емес ұйымдардың, білім беру мекемелерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының және азаматтардың өздерінің күш-жігерін біріктіруді талап ететін кешенді міндет. Осы орайда барлық қатысушы құрылымдарды пәрменді үйлестіру қажет болады.

Жұмысын жүргізіп жатқан ведомствоаралық жұмыс топтары, әкімдіктер жанындағы құқықтық ағарту жөніндегі қоғамдық кеңестер жұмысты үндестіруге мүмкіндік береді.

Практика көрсеткендей, халықпен жұмыс істеудің барлық нысандары мен әдістерінің үйлесуі ең жақсы нәтиже береді, сондықтан Тұжырымдама білім беру,

ақпараттық, ынталандыру және бақылау шараларын бір-бірін өзара нығайту үшін қатар іске асыруды көздейді.

Ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескеру қағидаты

Заң идеологиясын ілгерілету кезінде қазақстандық қоғамның менталитеті мен құндылықтарын ескеру маңызды.

Дәстүрлі мәдениеттің позитивті элементтеріне – үлкендерге құрмет көрсетуге, әділеттілікке ұмтылуға, халық билерінің заңды сақтаушылар ретіндегі мұрасына сүйену құқықтық тәрбиеге жақын әрі түсінікті нысан беруге көмектеседі.

Іс-шараларды заңдылық идеясының сабақтастығын көрсету үшін түсінікті бейнелер мен отандық тарихқа сілтемелерді қолдана отырып, бірнеше тілде ұйымдастырып, жүргізген жөн.

Атаулылық және сараланған тәсіл қағидаты

Халықтың әртүрлі нысаналы топтары (бизнес, жастар, мемлекеттік қызметшілер және т.б.) жұмыста алуан түрлі басымдықтарды талап етеді. Осыған байланысты әр санатқа – мектеп оқушыларынан бастап кәсіпкерлерге, жастардан бастап зейнеткерлерге арналған арнайы бағдарламалар мен құралдарды әзірлеу қажет.

Мұндай таргеттелген тәсіл контенттің релеванттығы мен ықпал ету тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл ретте болашақ құқықтық мәдениетті жеткізуші ретінде жастарға және заңдылық саясатын жалғастырушылар ретінде мемлекеттік қызметшілерге ерекше назар аударған жөн.

Идеологеманы ілгерілету мақсатында мынадай жүйелі тәсілдерді қолдану ұсынылады:

институционалдық – Тұжырымдаманы іске асыруды, азаматтардың құқықтық санасының артуына кедергі келтіретін факторларды талдау негізінде заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар қабылдауды, мемлекеттік қызметшілердің жеке үлгісін көрсетуді және басқа да шараларды көздейді;

білім беру – оқу бағдарламаларына идеологиялық нарративтерді интеграциялауды, тәрбие жұмысын және ілеспе іс-шараларды өткізуді болжайды;

мәдени-креативті – идеологема мен тиісті құндылықтарды тарататын театр, цирк, музыка және киноөнерін, әдебиетті, спортты қолдануды қамтиды;

ақпараттық-коммуникациялық – БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы таратуды, оң мазмұндағы контент пен басқа да ақпараттық материалдарды жасауды қамтамасыз етеді;

азаматтық (қоғамдық) – белсенді әрі құқыққа сәйкес мінез-құлық пен волонтерлік арқылы идеологеманы ілгерілетуші қоғамдық ұйымдардың бастамаларын қолдауға, заңға бағынушы мінез-құлық құндылықтарын танымал ету үшін қоғамдық пікір көшбасшылары мен сарапшыларды тартуға бағытталған.

Тұжырымдаманы іске асыру бес бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және құқықтық хабардарлықты арттыру;
- 2) өмір сүру үшін қауіпсіз және қолайлы орта жасау;
- 3) билік органдарының ашықтығын (қолжетімділігін) қамтамасыз ету;
- 4) заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету мәселелерінде азаматтық қоғамдастықпен әріптестікті дамыту;
- 5) азаматтық белсенділікті ынталандыру.

Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың "Заң мен тәртіп" идеологемасын ілгерілету жөніндегі қызметі ілгерілетуге қатысушылардың тартылу, бастамашылдығы мен тиімділігі деңгейінің көрсеткіштері, сондай-ақ нақты КРІ нақты индикаторлары бойынша бағаланатын болады.

1-бағыт. Заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және құқықтық хабардарлықты арттыру

Идеологеманы ілгерілету азаматтардың бойында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, әділдік пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың негізгі реттегіші ретіндегі заңның маңызды рөлі туралы орнықты түсінік қалыптастырудан басталады.

Адам құқықтық нормаларды біліп қана қоймай, олардың мәнін терең ұғынуы, яғни заңды үстірт қабылдаудан оны саналы түрде сақтауға көшуі тиіс.

Осы тұрғыда халықтың әртүрлі санаттарының құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтық санасын және құқыққа сай мінез-құлық дағдыларын дамыту, сондай-ақ жасалатын әрекеттер үшін жеке жауапкершілікті толық түсіну бойынша жүйелі және кешенді жұмыс жүзеге асырылуы тиіс.

Бүкіл ел бойынша беделді спикерлердің – белгілі заңгерлердің, судьялардың, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен құқықтық тақырыптарда тұрақты жария дәрістер, семинарлар, форумдар ұйымдастырып, өткізу қажет. Мұндай іс-шаралар арқылы азаматтар заңның олардың мүдделерін қалай қорғайтыны және олардың өздері құқықтық тәртіпті сақтауға қалай қатыса алатыны туралы ақпарат (мысалы, құқық бұзушылықтар туралы хабарлау, ерікті жасақтарға қосылу, тұрмыста ережелерді сақтау) алады.

Халықпен жұмыс істеудің басты мақсаты – заңның әркім үшін ауыртпалық емес, игілік пен қорғаныш екені туралы жаппай сананы қалыптастыру.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше назар аудару қажет, өйткені негізгі құндылықтар мен мінез-құлық модельдері дәл осы балалық және жасөспірімдік шақта қалыптасады. Тәрбие жұмысының маңызды бағыттары девиантты және делинквентті мінез-құлықтың профилактикасы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа, зорлық-зомбылыққа және өзге де құқыққа қайшы көріністерге орнықты төзбеушілікті де қалыптастыру болып табылады.

Ұлттық мәдени ерекшеліктер мен дәстүрлерді ескере отырып, "Адал азамат" қағидатына сәйкес балалар мен жастарға құндылықтық тәрбие беруге (құқықтық мәдениетті, азаматтық жауапкершілікті және орнықты құндылықтар жүйесін қалыптастыру) екпін беру қажет.

Ұлы әл-Фараби "Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы" деген.

Практикалық шаралар кешеніне "Адал азамат" бірыңғай бағдарламасын енгізу, жоғары сынып оқушыларына арналған "Құқық негіздері" және "Бизнес" пәндері бойынша олимпиадалар өткізу, дебаттар, іскерлік ойындар, клубтық қызмет және сот процестерін модельдеу арқылы құқықтық тәрбиені дамыту, практикалық бағдарланған оқу бағдарламаларын өзектілендіру, қосымша құқықтық курстар мен клубтар құру, тәлімгерлікті енгізу; адалдықты қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және патриотизм бойынша жобаларды іске асыру, азаматтық ұстаным мен әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағдарланған әдеби, мәдени және ағартушылық бастамаларды қолдау кіреді.

Бұдан басқа, "Құқық негіздері" жалпыға міндетті пәнінің оқу бағдарламасына өзгерістер енгізу білім алушылардың білімді практикада қолдануына, практикалық дағдыларды дамытуға және өмірлік жағдайларды шешу үшін құқық нормаларын пайдалануға бағытталатын болады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие іс-шараларында Конституцияны, өз құқықтары мен міндеттерін зерделеу бойынша жұмыстың интерактивті нысандарын белсенді пайдалану қажет.

Бұдан бөлек, білім беру ұйымдары мен органдарының білім алушыларына құқықтық тәрбие беру жөніндегі үздік кейстердің тәжірибесін тарату талап етіледі.

Жоо-да студенттер үшін құқықтық сауаттылық бойынша міндетті курс (еңбек, әкімшілік, қылмыстық құқық, тұтынушылардың құқықтары негіздері) енгізілуі керек.

Жастар тәжірибелі заңгерлердің жетекшілігімен халыққа тегін көмек көрсететін студенттік заң клиникалары сияқты бастамаларды қолдаған жөн, бұл олардың білімін арттырып қана қоймай, қоғамға қызмет ету құндылықтарын да дарытады. Студенттер азаматтарға өзекті құқықтық мәселелер бойынша консультациялар бере алады, халық арасында құқықтық білімді тарату жөніндегі жобаларды әзірлеп, құқықтық сауаттылық бойынша іс-шаралар мен тренингтер ұйымдастыра алады. Бұл олардың теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, нақты проблемаларды шешу үшін құқықты практикалық қолдануды үйренуге мүмкіндік береді.

Жастармен коммуникацияның цифрлық арналарына ерекше назар аударған жөн. Осы орайда жастар арасында танымал әлеуметтік желілерде, YouTube және мессенджерлерде құқықтық тақырыптар белсенді түрде қамтылуы тиіс.

Заманауи ойын әдістерін де пайдалану керек: құқықтық білім бойынша мобильді ойын немесе квиз, құқықтық жағдайлар арқылы кейіпкердің жолы туралы үстел

ойынын әзірлеу. Жастар құқықтың іш пыстыратын нәрсе емес, өмірде маңызды әрі қолдануға болатынын көруі тиіс.

Сонымен қатар Оқу-ағарту министрлігі арқылы ата-аналармен және педагогтармен балаларға заңның қағидалары мен нормаларына құрметпен қарауды сіңіру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Осындай бастамаларды іске асыру білім алушылардың заңдар туралы білім деңгейін арттырып, оларда құқыққа қайшы мінез-құлыққа деген тұрақты төзбеушілікті қалыптастырады деп күтілуде.

Халықтың түрлі санаттарының құқықтары, құқықтық көмек көрсету мен цифрлық қауіпсіздік мәселелері бойынша оқу және анықтамалық материалдарды әзірлеу басқа да нысаналы топтарды қамтуы мүмкін.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мен құқықтық санасын дамытудың басты маңызы бар, өйткені заңның мәнін түсіну және жеке жауапкершілікті толық түсіну заңға бағынатын мінез-құлықтың орнықты мәдениетін қалыптастырып, құқық бұзушылық деңгейін төмендетеді, мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтып, баршаның заң алдындағы нақты теңдігін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, қоғамда құқықтық білім мен заңға заңға бағынатын мінез-құлық құндылықтарын ілгерілетуді нақты нысаналы топтардың қажеттіліктеріне бейімделген және олардың жас, әлеуметтік және кәсіби ерекшеліктерін ескеретін заманауи білім беру, ақпараттық және цифрлық форматта пайдалана отырып жүзеге асырған жөн.

Шаралар дәстүрлі және жана медиа (телебағдарламалар, сұхбаттар, әлеуметтік желілер) арқылы жүйелі құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, шалғай аудандардағы көшпелі қабылдаулар мен "құқықтық көмек күндерін" қоса алғанда, тегін заң көмегінің қолжетімді нысандарын дамытуды, заңнаманы түсіндірудің цифрлық құралдарын (чат-боттар, eGov сервистері) енгізуді, азаматтардың құқықтық хабардарлығына әлеуметтік сауалнамалар мен мониторинг жүргізуді, қаржылық құқық бұзушылықтар мен алаяқтықтың профилактикасын, құмар ойындар, алкоголь және есірткі саласында жауапты мінез-құлық қалыптастыруды, сондай-ақ жаппай қоғамдық акцияларды, жастар бастамалары мен пікірталас платформаларын дамытуды көздейді.

Құқық қорғау, мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлерінің, судьялардың арасында заңға бағынатын мінез-құлықтың орнықты мәдениетін қалыптастыру айрықша маңызға ие. Дәл осы тұлғалар заңдылық пен тәртіп қағидаттарын жеткізуші әрі жалғастырушы болып табылады, азаматтардың мемлекетке деген сенімін қалыптастырады, әділ және тиімді басқаруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністері мен мемлекеттік институттардың беделіне нұқсан келуінің алдын алады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекет өкілдерінің қызметтік тәртібін, кәсіби әдебін және жеке жауапкершілігін нығайту көзделеді. Шаралар тек құндылықтық бағдарлар мен мінез-құлық стандарттарын қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ

сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды ілгерілетуге, құқықтық оқытуды дамытуға және құқық бұзушылықтардың профилактикасына бағытталуы тиіс.

Әрбір ведомствода жұмыскерлердің құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі ішкі іс-қимыл жоспары (персонал үшін заңнаманы білуге тұрақты оқыту мен тестілеу, заңды этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық бойынша тренингтер, қызметкерлердің өздерінің заңды бұзуына қатаң ден қою) орындалады.

Мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық пен теріс пайдалануға "мүлдем төзбеушілік" қағидаты қызметтік бақылауды күшейту және теріс қылықтар үшін жазаның ой болмай қоймайтыны арқылы іске асырылады.

Барлық деңгейдегі басшылар ведомстволық бағынысты ұжымдардағы құқықтық тәртіпке дербес жауапты болады. Мемлекеттік органдарда қызмет бабында жоғарылату кезінде парасатты және құзыретті кадрларға басымдық беріледі (меритократия қағидаттары).

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының, Ішкі істер министрлігі және Төтенше жағдай министрлігі оқу орындарының базасында мемлекеттік және азаматтық қызметшілерге, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, сондай-ақ Ұлттық қорғаныс университетінде әскери қызметшілерге және Сот төрелігі академиясында судьяларға арналған оқыту семинарларын да қамтитын мамандандырылған білім беру бағдарламаларына ерекше мән берілуге тиіс.

Ішкі шаралардан бөлек, құқықтық тәртіп органдары жұмысының жаңа философиясын да – азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарланған сервистік философияны қалыптастыру маңызды.

Құқық қорғау органдары репрессивті-жазалау риторикасынан әріптестік риторикасына көшеді: оқыту бағдарламалары арқылы қызметкерлер азаматтарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіре, сұраныстарына құлақ аса отырып, халықпен құрметпен қарым-қатынас жасауға дағдыланады.

Мәселен, полицияда адамдармен қарым-қатынас кезінде әрбір полицей бағаланатын "сыпайылық пен заңдылық" стандарттары енгізіледі.

Судьялардың, тергеушілердің, анықтаушылардың біліктілігін арттыруға айтарлықтай көңіл бөлінеді – олар сот қателері мен озбырлыққа жол бермеу үшін құқық нормаларын терең түсініп, рәсімдер шеңберінде қатаң әрекет етуі тиіс.

Жариялылықты қамтамасыз етуге ерекше екпін беріледі: жекелеген сот процестерін онлайн-трансляциялау, сот актілерін жариялау, полиция мен прокуратураның азаматтарды қабылдауға арналған фронт-офистерінің жұмысы жалғасады.

Мұның бәрі мемлекеттік институттардың әділетті әрі заңға бағынушы ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған.

Кәсіпкерлер қоғамдастығының құқықтық құзыреттілігін арттырудың маңызы зор, өйткені бұл адал іскерлік практиканы қалыптастыруға, құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, мемлекет пен бизнес арасындағы әріптестікті нығайтуға, сондай-ақ адал, бәсекеге қабілетті және орнықты экономика құруға ықпал етеді.

Кәсіпкерлер мен коммерциялық ұйымдар үшін заңдылық идеологиясы заңға сүйену – табысты бизнес пен инвестицияның кепілі екендігіне баса назар аудару арқылы ілгерілетілетін болады.

Жаңа заңдар мен талаптар бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту, атап айтқанда, нормалардың сақталуын жеңілдету үшін салық, еңбек заңнамасындағы өзгерістер бойынша бизнеске арналған семинарлар өткізген жөн.

"Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп шағын және орта бизнеске арналған құқықтық сауаттылықты арттыру бағдарламаларын (бизнесті жүргізудің заңдық аспектілері бойынша тренингтер, онлайн-курстар, аса маңызды талаптар жөніндегі жадынамалар) енгізу жоспарлануда.

Адал бәсекелестік мәселелеріне ерекше көңіл бөлген жөн.

Кәсіпорындар үлгілік комплаенс-бағдарламаларды – заңнама мен әдепті сақтау жөніндегі ішкі корпоративтік саясатты ұсынуы керек. Мұндай саясатты өз еркімен енгізген және нормалардың үлгілілік сақталуын көрсетіп отырған компаниялар (мысалы, салықтар төлеу, тендерлердің ашықтығы, парадан бас тарту) қоғам тарапынан мойындалып, көтермеленеді.

Артық және ескірген талаптарды жою бойынша бизнестің мемлекетпен диалогын одан әрі дамыту және нығайту қажет – бұл қағидаларды бұзуға деген ынтаны азайтады. Тұжырымдама шеңберінде заң түсінікті әрі орындалатындай болуы үшін кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін ескірген нормалар мен кедергілерді қайта қарау көзделеді.

Нәтижесінде адал бизнес көлеңкелі бизнестен гөрі тиімді болатын ахуал қалыптасады, өйткені инвесторлар заңға сәйкес жұмыс істейтін компанияға көбірек сенеді.

Қорытынды әсер – құқықтық нормаларды саналы түрде ұстанатын кәсіпорындар санының өсуі және "көлеңкелі" экономика үлесінің төмендеуі.

Тағы бір мәселе – құқық бұзушылық жасау тәуекелі жоғары адамдарды әлеуметтендіру және олардың арасындағы девиантты мінез-құлықтың профилактикасы. Бұл құқыққа қайшы мінез-құлықтың әлеуметтік себептерін жоюға, қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді азайтуға және әділдік пен гуманизм қағидаттары негізінде заң мен тәртіптің орнықты сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай шаралар қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жоғары тәуекел тобындағы адамдардың әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсетуге де ықпал етеді.

Осындай іс-шаралар шеңберінде қайта интеграциялау мен қайта әлеуметтендіру бағдарламаларын әзірлеуге, пробация жүйесін жетілдіруге және медиацияны дамытуға, девиантты мінез-құлықтың, оның ішінде делинквентті көріністердің профилактикасына, сотталғандардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және оңалту мен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді стандарттауға бағытталған шаралар қабылдануы тиіс.

2-бағыт. Қауіпсіз және қолайлы өмір сүру ортасын құру

Бұдан бұрын атап өтілгендей, қауіпсіз және жайлы орта қалыптастырылған жағдайда азаматтар заңдарды сақтауға және құқықтық тәртіпті қолдауға көбірек ынталы болады. Бұл өз кезегінде құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге және мемлекеттік институттарға деген сенімнің артуына ықпал етеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру азаматтар үшін сенімгерлік орта қалыптастыруда басты рөл атқарады. Тиімді, қолжетімді және ашық көрсетілетін қызметтер әкімшілік процестерді жеделдетіп, азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын жеңілдетіп қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік шиеленісті азайтады, сыбайлас жемқорлық көріністеріне кедергі келтіріп, халықтың мемлекеттік институттардың әділдігіне деген сенімін нығайтады. Бұдан басқа, көрсетілетін қызметтерді дамыту ұзақ мерзімді әлеуметтік тұрақтылықтың негізін қалайды, заңға бағынатын мінез-құлықты нығайтады әрі азаматтардың қоғам өміріне белсенді қатысуын ынталандырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру шеңберінде олардың қолжетімділігін, тиімділігін және ашықтығын арттыруға назар аудару қажет. Сондай-ақ азаматтардың құқықтық сауаттылығын және қолжетімді көрсетілетін қызметтер туралы хабардарлығын арттыру үшін білім беру науқандары мен консультациялық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың маңызы бар.

Тағы бір аспект – құқық бұзушылық профилактикасы, қоғамдық орындардағы қылмыс деңгейін төмендету, көше кеңістігінің қорғалуын арттыру.

Осылайша, қауіпсіздік инфрақұрылымын дамытуға, цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге, құқық қорғау органдары мен атқарушы билік органдары жұмысының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде балаларды, жастарды, қарттарды және өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды қорғауға назар аудару маңызды.

Балалар мен жастарға арналған инфрақұрылымды қауіпсіздіктің бірыңғай жоғарылатылған талаптары негізінде жаңғырту шешуші мәнге ие, өйткені ол халықтың неғұрлым осал санатын қорғайды, өскелең ұрпақтың бойында қауіпсіз және заңға бағынатын мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады, құқық бұзушылықтардың алдын алып, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтады.

Қауіпсіздік инфрақұрылымын қалыптастыру және жайлы қалалық ортаны, әсіресе криминогендік деңгейі жоғары аудандарда құру азаматтарды қорғауды қамтамасыз ету

және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін маңызды болып табылады. Мұндай шаралар құқық бұзушылықтың ортаға қатысты себептерін жоюға және қылмыстық белсенділік тәуекелдерін азайтуға ғана емес, сондай-ақ тұрғындарда қорғалу сезімі мен мемлекеттік институттарға деген сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заңдылық пен қоғамдық тәртіпті нығайтуға ықпал ететін, құқық қолдану тиімділігін арттыратын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендететін және азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыратын жасанды интеллект пен цифрлық шешімдерді енгізу өзекті болып табылады. Бұл бағытта салалар мен өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі жобаларды іске асыруға болады.

3-бағыт. Билік органдарының ашықтығын (қолжетімділігін) қамтамасыз ету

Азаматтардың мемлекеттік институттарға деген жоғары сенімі болмайынша, идеологеманы ілгерілету мүмкін емес, өйткені дәл осы сенім заңның ерікті түрде сақталуын, халықтың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын және мемлекеттік бастамаларды қолдауын қамтамасыз етеді.

Осы бағыт шеңберінде билік органдарының ашық әрі жария қызметі үшін жағдайлар жасалады, қабылданатын шешімдер туралы ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етіледі, азаматтардың сұраныстарын қанағаттандыруға және мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл сапасын арттыруға бағытталған басқарудың сервистік моделі мен клиентке бағдарланған тәсіл дамытылады.

Азаматтардың жолданымдарына ден қою сапасы мен жеделдігіне, кері байланыстың цифрлық арналарын кеңейтуге, құқық қолдану және сот практикасының ашықтығын арттыруға, сондай-ақ билік органдарының қызметіне қоғамдық бақылау жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

Нәтижесінде азаматтар өздерінің қорғалуын сезінетін, мемлекеттің әділдігіне сенетін әрі әлеуметтік және құқықтық мәселелерді шешуде мемлекеттік институттармен ынтымақтастыққа дайын болатын орта қалыптасады.

Азаматтардың жолданымдарына ден қоюдың жеделдігі мен сапасы мемлекеттік институттарға деген сенімді тікелей нығайтып, билік органдарының заңдылығын арттырады және халықтың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын ынталандырады. Сұраныстар мен шағымдарды уақтылы әрі сапалы қарау азаматтардың қанағаттанушылығын арттырып қана қоймай, заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыра отырып, әлеуметтік шиеленісті азайтуға мүмкіндік береді.

Осы бастамалар шеңберінде халықтың хабардарлығы мен құқықтық қорғалуын арттыруға бағытталған кешенді шаралар іске асырылуда. Олардың қатарында – азаматтарға білікті консультациялар беретін, сондай-ақ олардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттанушылық деңгейін бағалауға және билік органдарымен өзара іс-қимылдағы өзекті проблемаларды анықтауға мүмкіндік беретін "Халық заңгері" және "Құқықтық дәріхана" республикалық акцияларын өткізу бар.

Басым бағыттардың бірі – мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмысына заманауи цифрлық технологияларды енгізу. Бұл мемлекеттік қызметке қабылдау процестерін автоматтандыруды, құжаттарды өңдеуді, кадрларды есепке алуды және басқа да ішкі процестерді қамтиды, бұл әкімшілік шығасыларды азайтуға, деректерді өңдеу жылдамдығы мен дәлдігін арттыруға, сондай-ақ қателіктер мен сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Құқық қолдану практикасын клиентке бағдарлану және ашықтық қағидаттарын ескере отырып трансформациялау мемлекеттік билік органдары мен құқық қорғау құрылымдары қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ олардың шешімдері мен іс-әрекеттерін азаматтар үшін анағұрлым ашық әрі түсінікті етеді. Нәтижесінде халық сапалы және уақтылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алып, өз құқықтары мен міндеттерін жақсырақ ұғынады, бұл өз кезегінде билік институттарына деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

4-бағыт. Заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету мәселелерінде азаматтық қоғамдастықпен әріптестікті дамыту

Азаматтық қоғам заңдылық пен тәртіп қағидаттарын ілгерілетуде мемлекеттің маңызды әріптесі болып табылады. Аталған бағытты дамыту мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен, сарапшылар қоғамдастығымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және халықпен орнықты өзара іс-қимылын қалыптастыруға бағытталған.

Азаматтық қоғамды тарту – заңдылықтың сақталуына және қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайтуға ықпал ететін орнықты, ашық әрі қауіпсіз ортаны қалыптастырудың негізгі элементі.

Осы тұрғыда азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына жүйелі түрде қатысуын көздейтін "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін практикада іске асыру стратегиялық маңызға ие. Азаматтық қоғам институттары қабылданып жатқан шаралардың атаулылығы мен қоғамдық танылуын қамтамасыз ете отырып, профилактиканың объектісі ғана емес, сондай-ақ оның белсенді субъектісі де болуға тиіс.

Құқық бұзушылық профилактикасына, қоғамдық бақылауға, құқықтық ағартуға және заңға бағынатын мінез-құлық құндылықтарын ілгерілетуге белсенді қатысуға ерекше назар аударған жөн.

Қарым-қатынастарды сенім, өзара жауапкершілік және нәтижелілік қағидаттарында құру маңызды, бұл бірлескен бастамалардың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

Ынтымақтастықтың жеделдігі мен тиімділігін арттыру үшін құқықтық тәртіптің жергілікті проблемаларын талқылау мен ілгерілетуде және идеологиялық бастамалар мен іс-шараларды насихаттауда салалық мамандар мен белсенділердің әлеуетін

пайдалану маңызды. Мұндай тәсіл азаматтық қоғамның тартылуын және қабылданатын басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

5-бағыт. Азаматтық белсенділікті ынталандыру

Азаматтық белсенділік құқық бұзушылық профилактикасының, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен ортақ игілікті қорғау үшін жеке және ұжымдық жауапкершілік деңгейін арттырудың маңызды ресурсы ретінде қарастырылады.

Азаматтарды қоғамдық бақылау және әлеуметтік маңызы бар шешімдер қабылдау процестеріне тарту билік институттарына деген сенімді қалыптастыруға және әріптестік қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Идеологиялық жұмыста азаматтық белсенділік пен оған сарапшылардың қатысуын ынталандыру – орнықты қоғамдық құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын қалыптастырудың маңызды құралы.

Азаматтар мен кәсіби қоғамдастықты осы процестерге белсенді тарту әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыруға, қоғамдық өмірге саналы түрде қатысуды дамытуға ықпал етеді және мемлекеттік билік органдарына стратегиялық шешімдерді әзірлеу мен іске асыру кезінде қоғам мен сарапшылардың пікірін ескеруге мүмкіндік береді.

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жәрдемдесетін азаматтарды көтермелеу шараларын қамтамасыз ету, ағартушылық және идеологиялық қызмет саласындағы белсенді сарапшылар арасында жыл сайынғы конкурстар өткізу практикасын енгізу, мемлекеттік қолдау арқылы кәсіпкерлік субъектілерін алкоголь өнімін сатудан өз еркімен бас тартуға ынталандыруға бағытталған "Алкогольсіз аймақ" сияқты жобаларды кең ауқымда қолдану және т.б. маңызды.

Қоғамдық бақылау шекарасын кеңейту – мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін арттырудың маңызды шарты. Азаматтарды қабылданатын шешімдерді мониторингтеу және бағалау процестеріне тарту сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға ықпал етіп, заңнаманың сақталуын ынталандырады және жауапкершілік пен заңға бағынатын мінез-құлықтың орнықты мәдениетін қалыптастырады.

Санамаланған әдістер қоғамның әртүрлі сегменттеріне атаулы ықпал ете отырып, барлық жерде – мектептен бастап шенеуніктің жұмыс кабинетіне дейін – заңдылық құндылықтарының біртұтас кеңістігін құрады.

Негізгі тәсіл – осы құралдарды бір-бірін нығайтатындай етіп, қатар әрі дәйекті қолдану.

Мысалы, білімді жастар мемлекеттік қызметке немесе бизнеске келгенде өздерімен бірге бойларына сіңген құндылықтарды ала жүреді.

Парасатты шенеуніктер азаматтарға қызметтер көрсетуді жақсартып, сенімді одан әрі арттырады, ал заңға бағынатын бизнес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолдай отырып, тең жағдайларды талап ететін болады.

Осылайша, заңды құрметтеудің өздігінен өрбитін мәдениеті қалыптасады, осы орайда қоғамның жаңа мүшелері бекітілген мінез-құлық нормаларын автоматты түрде қабылдайды.

Талдау құқықтық мәдениетті нығайту – әр түрлі деңгейде келісілген іс-әрекеттерді талап ететін көп қырлы күрделі процесс екенін көрсетті.

Мемлекеттік бағдарламалар стратегиялық бағытты белгілейді, құқықтық ағарту үшін инфрақұрылым (заңдар, мекемелер, қаржыландыру) құрады.

Білім беру ұйымдары бала кезінен бастап білім мен құндылықтарды сіңіре отырып, құқықтық сана-сезімнің негіздерін қалыптастырады, кейіннен ол практикамен бекемделеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер құқықтық білімді миллиондаған адамдардың күнделікті өмірінің бір бөлігі ете отырып, оны кең ауқымда таратады.

Дегенмен, шаралардың тиімділігі әртүрлі болады: кейбір бастамалар кең аудиторияға жетіп, жағдайды өзгертсе, басқалары жергілікті немесе қысқа мерзімді әсерге ие болады. Әлбетте, құқықтық сананы арттыру – бұл спринт емес, марафон.

Ағарту бағдарламаларын орнықты қаржыландыру, ақпарат беру әдістерін жаңарту, жаңа жағдайларға бейімделу (мысалы, цифрлық ортадағы құқықтық ағарту) және ең бастысы – заңға бағынуды қолдауға саяси ерік-жігер қажет. Бұдан басқа, кері бақылау маңызды: халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін үнемі өлшей отырып, азаматтардан оларға қандай білімнің қажет екендігі туралы кері байланысты зерделеу.

Қорытындылай келе, құқықтық мәдениетті арттыру мақсатында қоғамда дұрыс бағыт-бағдар таңдалған деп айтуға болады. Соңғы жылдары құқықтық ағартудың "төменнен жоғарыға қарай" (азаматтық қоғамның бастамалары) және "жоғарыдан төменге қарай" (мемлекеттік бағдарламалар мен білім беру) базасы қалыптасты.

Қоғамда өздерінің құқықтары мен оларды қорғау тетіктерін білуге деген сұраныс пісіп-жетілді және мемлекет пен қоғамның бұл сұранысты бірге қанағаттандыруы маңызды. Құқықтық мәдениетті нығайту – бұл заң нормаларының нақты әрекет ететіндігінің кепілі, өйткені хабардар және саналы азамат заңды өзі ғана сақтап қоймайды, сонымен бірге айналасындағылар мен биліктен де соны күтеді.

Осылайша, халықтың жоғары құқықтық сана-сезімі демократиялық, әділетті және әл-ауқатты мемлекеттің дамуына негіз болады.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

1-бағыт. Заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және құқықтық хабардарлықты арттыру.

Азаматтардың жекелеген санаттарын (оқушылар, студенттер, мемлекеттік қызметшілер) тестілеу нәтижелері бойынша құқықтық сауаттылық деңгейі: 2026 ж. – 50 %, 2027 ж. – 54 %, 2028 ж. – 58 %, 2029 ж. – 62 %, 2030 ж. – 65 %-дан кем емес.

2-бағыт. Қауіпсіз және қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру. Зорлық-зомбылық қылмыстары деңгейін төмендету: 2026 ж. – 2 %-ға, 2027 ж. – 4 %-ға, 2028 ж. – 6 %-ға, 2029 ж. – 8 %-ға, 2030 ж. – 10 %-ға (базалық 2025 жылға қатысты) қоғамдық орындарда, оның ішінде көшелерде жасалған қылмыстар деңгейін төмендету: 2026 ж. – 2 %-ға, 2027 ж. – 4 %-ға, 2028 ж. – 6 %-ға, 2029 ж. – 8 %-ға, 2030 ж. – 10 %-ға (базалық 2025 жылға қатысты).

3-бағыт. Билік органдарының ашықтығын (қолжетімділігін) қамтамасыз ету.

Мемлекеттік органдардың ашықтық (қолжетімділік) дәрежесін арттыру: 2025 ж. – 83 балл, 2026 ж. – 84 балл, 2027 ж. – 85 балл, 2028 ж. – 86 балл, 2029 ж. – 87 балл, 2030 ж. – 88 балл.

4-бағыт. Заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету мәселелерінде азаматтық қоғамдастықпен әріптестікті дамыту.

Азаматтық сектордың идеологияны ілгерілетуге тартылу деңгейі: 2026 ж. – 5 %, 2027 ж. – 9 %, 2028 ж. – 13 %, 2029 ж. – 17 %, 2030 ж. – 20 %-дан кем емес.

5-бағыт. Азаматтық белсенділікті ынталандыру

Халықтың заң мен тәртіп идеологиясы туралы хабардар болу деңгейі: 2026 ж. – 69 %, 2027 ж. – 70 %, 2028 ж. – 71 %, 2029 ж. – 72 %, 2030 ж. – 73 %-дан кем емес.

2030 жылдың қорытындысы бойынша күтілетін негізгі нәтижелер:

1. Азаматтардың белгіленген нормаларды ерікті түрде сақтауға, құқық бұзушылықтарға төзбеушілік танытуға және құқыққа қайшы мінез-құлықтың профилактикасына қатысуға дайындығы артады.

2. Азаматтардың анағұрлым қауіпсіз тұруына арналған орта қалыптастырылады, бұл өмір сүру сапасын жақсартуға және қоғамдық кеңістіктер мен күнделікті өмірдегі қорғалу сезімін арттыруға ықпал етеді.

3. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығы арқылы мемлекеттік және құқық қорғау институттарына деген сенім артады, бұл құқықтық нигилизмнің төмендеуінен және заң беделінің нығаюынан көрініс табады.

4. Құқықтық ағарту және құқық бұзушылық профилактикасы мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл кеңейтіледі.

5. Азаматтардың құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы және қоғамдық мониторингті іске асырудағы белсенділігі артады.

Тұжырымдаманың іс-шараларын қаржыландыру тиісті бюджеттерде көзделетін қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады.

Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын
ілгерілету жөніндегі

**Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған
тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары**

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушыла р	Қаржыландыр у көлемі	Қаржыландыр у көзі
1	2	3	4	5	6	7
1-бағыт. Заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және құқықтық хабардарлықты арттыру						
Нысаналы 1-индикатор. Азаматтардың жекелеген санаттарын (мектеп оқушылары, студенттер, мемлекеттік қызметшілер) тестілеу нәтижелері бойынша құқықтық сауаттылық деңгейі: 2026 ж. – 50 %, 2027 ж. – 54 %, 2028 ж. – 58 %, 2029 ж. – 62 %, 2030 ж. – 65 %-дан кем емес						
1.1. "Адал азамат" қағидаттарына, мәдени ерекшеліктер мен дәстүрлерге сәйкес тәрбиелеу стандарттарын енгізу және балалар мен жастарды құндылықтық тұрғыдан тәрбиелеу						
1	Орта білім беру ұйымдары білім алушыларының құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар өткізу:					
	1) құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2025 жылғы желтоқсан	БҚУ (келісу бойынша), ОМ, ДСМ, Еңбекмині, ПМ, МАМ, БП (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
	2) балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өзекті мәселелерді енгізе отырып, "Мектептегі	ПМ-ге акпарат	2025 жылғы желтоқсан	БҚУ (келісу бойынша), ОМ	талап етілмейді	-

	қауіпсіздік: әркім нені білуі керек?" анықтамалығын әзірлеу				
	3) 9-11(12) сыныптар үшін қаржылық сауаттылық пен қауіпсіздік, құқық негіздері бойынша республикалық олимпиадалар өткізу	қорытындыла рдың хаттамалары	2026 – 2030 жылдар мамыр)	ОМ, ЖАО, (ҚМА (келісу бойынша)	көзделген қаражат есебінен және шегінде РБ
	4) "Заң мен тәртіп" құқықтық сауаттылық айлығын өткізу	БП-ға ақпарат	2026 – 2030 жылдар қаңтар)	(ОМ, ЖАО	көзделген қаражат есебінен және шегінде ЖБ
2	Іс-шараларды өткізудің түрлі нысандарын (эссе конкурстары, дебаттар, олимпиадалар, іскерлік ойындар, лекциялар, әңгімелесулер, фильмдерді талқылау, "Жас заңгер" клубтарын/ үйірмелерін құру) пайдалана отырып, 1-11 (12) сынып оқушылары мен колледж студенттерін құқықтық тәрбиелеу бойынша сыныптан тыс	сыныптан тыс жұмыс жоспары	2026 – 2030 жылдар қыркүйек – мамыр)	(ОМ, ЖАО	-

	жұмысты ұйымдастыру				т а л а п етілмейді	
3	Жоғары сынып оқушылары м е н студенттердің зандар туралы қосымша білім алуы ж ә н е практикалық дағдыларды (с о т процестерін модельдеу, дебаттар) меңгеруі үшін оқушылар сарайлары, ж а с т а р орталықтары және басқа да алаңдар базасында құқықтық клубтардың, " құқықтық білім мектептерінің " қызметін құру және қамтамасыз ету	ереже, бағдарлама	2026 – 2030 жылдар	ЖАО, ОМ, ҒЖБМ	көзделген қаражат есебінен және шегінде	ЖБ
4	Азаматтарға тегін заң көмегін көрсетуді ж ә н е консультация лық қолдауды көздейтін жоо жанындағы з а ң клиникалары қызметінің практикасын кең ауқымда қолдану және институциона лдық дамыту	меморандумд ар тізілімі	2026 – 2030 жылдар (қыркүйек – мамыр аралығы)	ҒЖБМ, Әділетмині	т а л а п етілмейді	-
	Оқу, білім б е р у					

5	бағдарламаларын және жоо-ға түсу жүйесін қайта қарау:					
	1) ұлттық фольклор және ұлы ойшылдардың (Абай Құнанбаев, әл-Фараби, аса көрнекті билер мен батырлар) еңбектерінің мысалында адалдық, әділдік және отансүйгіштік мұраттарын дәріптейтін хрестоматиялық шығармаларды тереңдетіп меңгеру мәселелерін сыныптан тыс жұмыстардың белгіленген оқу уақыты шегінде бағдарламаны мазмұндық жағынан қайта қарау есебінен пысықтау	БП-ға ақпарат	2027 жылғы 3-тоқсан	ОМ, ЖАО	талап етілмейді	-
	2) білім беру материалдарына ел Конституциясының ережелерін қолжетімді түсіндіруді, құқық қорғау институттарының (Конституциялық Сот, Адам құқықтары жөніндегі					

уәкіл және басқалар) танымал етуді енгізе отырып және білім беру процесіне құқық пен педагогика саласындағы беделді практиктер мен сарапшылард ы тарта отырып, " Құқық негіздері" пәнін оқыту әдістемесін түрлі өмірлік жағдайларды шешу кезінде құқық нормаларын қолдану дағдыларын дамытуға, сондай-ақ жауапкершілі ктің бұлтартпасты ғы қағидатын түсінуге бағытталған практикалық бағдарланған тәсіл негізінде жаңғырту	о қ у бағдарламасы	2027 жылғы 3 -тоқсан	ОМ, ЖАО	талап етілмейді	-
3) патриотизмді тәрбиелеуге, құқықтық пәндерді тереңдетіп оқытуға, кәсіптік бағдар беруге бағытталған мамандандыр ылған сыныптарды (" Жас сақшы", "Жас-айбын"	о қ у бағдарламасы	2026 – 2030 жылдар (ЖАО, ІІМ, қыркүйек – О М , мамыр Қорғанысмині аралығы)		көзделген қаражат есебінен және шегінде	ЖБ

және басқа да соған ұқсас) құру					
4) жоғары сынып оқушылары үшін сұранысқа ие біліктіліктер бойынша міндетті практикалық курстарды (оқу-өндірістік комбинаттар типі бойынша) кезең-кезеңімен енгізу мәселелерін пысықтау	ІІМ-ге ұсыныстар	2027 жылғы 3-тоқсан	ОМ, ЖАО, Еңбекмині, ҒЖБМ	талап етілмейді	-
5) Балалардың хал-ахуал индексі шеңберінде мектеп оқушылары мен студенттердің құқықтық сауаттылық және мәдениет деңгейін айқындауға тестілеу жүргізу	тесттер, БП-ға акпарат	2027 – 2030 жылдар жылына бір реттен сиретпей)	(ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	талап етілмейді	-
6) ұлттық бірыңғай тестілеуге конституциялық құрылыс негіздері мен заңнаманы білуге арналған сұрақтарды енгізу	ҒЖБМ бұйрығы	2026 жылғы 3-тоқсан	ҒЖБМ	талап етілмейді	-
7) ЖЖОКБҰ магистранттары мен докторанттар					

ы н ы ң оқу-өндірістік практикасына бейінді мемлекеттік органдарда тағылымдама дан өтіп, талдамалық қорытындын ы және қызмет сапасын арттыру бойынша ұсынымдар дайындауды көздейтін "	о қ у бағдарламасы	2027 жылғы 3 -тоқсан	ҒЖБМ, ОМО, ЖАО	т а л а п етілмейді	-
8) облыстардың, республикалы қ маңызы бар қалалардың әкімдері мен ж о о ректорларын ы ң гранттарын бере отырып, әлеуметтік жобаларды әзірлеуші мектеп оқушылары арасында конкурстар ұйымдастыру	БП-ға ақпарат , қорытындыла рды ресми ресурстарда жариялау	2026 – 2030 жылдар жылына бір реттен сиретпей)	ҒЖБМ, ОМ, МММ, ЖАО	бюджеттен тыс қаражат есебінен	БТҚ
9) оқу және оқудан тыс қызметке (ғылыми конференциял а р , волонтерлік, олимпиадалар ға, спорттық ж ә н е					

шығармашылық іс-шараларға қатысу) қатысқаны үшін студенттерге әлеуметтік/интегралдық GPA қолдану практикасын кеңейту	БП-ға ақпарат	2026 – 2030 жылдар қыркүйек – мамыр аралығы)	ҒЖБМ	талап етілмейді	-
10) ірі квазимемлекеттік ұйымдардың заң бөлімшелерінде "Құқық" бағыты бойынша бакалавриат (3-4 курс) үшін практиканы (3 айдан бастап және одан жоғары) енгізу	оқу бағдарламасы	2026 жылғы 3-тоқсан	ҒЖБМ	талап етілмейді	-
11) құқықтық тәрбие беру әдістемесі бойынша minor-бағдарламаларын әзірлеу	ҒЖБМ бұйрығы	2026 жылғы 4-тоқсан	ҒЖБМ, ЖЖОКБҰ	талап етілмейді	-
12) инженерлік, медициналық, экономикалық білім беру бағдарламаларына кәсіби қызметті нормативтік реттеуге арналған тақырыптарды қосу	білім беру бағдарламасы	2026 жылғы 3-тоқсан	ҒЖБМ	талап етілмейді	-
Педагогтердің біліктілігін арттыру:					

	1) құқық қорғау органдарының ведомстволық оқу орындарының қызметкерлерін тарта отырып, осы заңгерлік жоо мен ұлттық біліктілікті арттыру орталықтарының базасында педагогтердің құқықтық сауаттылық бойынша біліктілігін арттыру, сондай-ақ девиантты мінез-құлықты танып-білу, педагогикалық араласудың тиімді әдістері, медиация бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізу	білім беру бағдарламасы, сертификаттар	2027 жылғы 3-тоқсан	ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	көзделген қаражат есебінен және шегінде	РБ, ЖБ
	2) біліктілікті арттыру курстарынан өту қорытындысы бойынша білім беру ұйымдары педагогтерінің құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында оларды тестілеуден өткізу	БП-ға ақпарат	2026 – 2030 жылдар жылына біртоттен сиретпей)	(ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	көзделген қаражат есебінен және шегінде	РБ, ЖБ

	Білім беру ұйымдарында академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру :					
7	1) білім беру ұйымдарында (мектептер, колледждер) академиялық адалдық стандарттары н енгізу	стандарттар, әдістемелік ұсынымдар	2027 жылғы 3 -тоқсан	ОМ, ЖАО	т а л а п етілмейді	-
	2) жоғары оқу орындарының Академиялық адалдық лигасына қатысу практикасын кеңейту	меморандумдар	2026 – 2030 жылдар (қыркүйек – мамыр аралығы)	ҒЖБМ	т а л а п етілмейді	-
8	Қазақстанның тарихи және мәдени орындары бойынша "Тарихпен жүздесу" балалар туристік-экскурсиялық іс-шараларын ұйымдастыру	туристік маршруттар	2026 – 2030 жылдар (каникул кезеңінде)	(ЖАО, ТСМ, МАМ, ОМ	көзделген қаражат есебінен және шегінде	ЖБ
9	Құқыққа қайшы контенттің таралуын болдырмау шараларын қабылдамағаны үшін онлайн-платформалардың жауаптылығын күшейту арқылы кәмелетке толмағандар мен жастарды киберқауіптерден қорғау	РСКҚ, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2027 жылғы 4 -тоқсан	МАМ, ЖИЦДМ	т а л а п етілмейді	-

10	Тәлімгерлік қағидаттары (құқық қорғау құрылымдары мен, әскери бөлімшелермен және басқа да жауапты органдармен және азаматтық сектормен бірлескен өз ара іс-қимыл) негізінде орта білім беру ұйымдары арасында "Саналы ұрпақ" республикалық құқықтық жобасын және өңірлік құқықтық жобаларды іске асыру	ОМ мен құқық қорғау органдары, әскери бөлімшелер және өзге де жауапты органдар мен азаматтық сектор арасындағы өз ара іс-қимыл туралы өңірлік меморандумдар	2026 жылғы 4-тоқсан	ОМ, ЖАО, БП (келісу бойынша), ІІМ, Қорғанысмині	талап етілмейді	-
	Әскери қызметтің беделін идеологиялық тұрғыдан нығайту:					
	1) әлеуметтік кепілдіктер мен мансаптық артықшылықтар (рәушанжолдарға қойылатын біліктілік талаптарын өзгерту, қызмет бойынша ілгерілету кезіндегі басымдық және басқа да материалдық емес ынталандыру	РСКҚ, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамаға өзгерістер	2027 жылғы 4-тоқсан	Қорғанысмині, ҰҚК (келісу бойынша), ІІМ, МКҚ (келісу бойынша), ТЖМ, ҒЖБМ	талап етілмейді	-

шы шаралар) беру арқылы армияның беделін арттыру	м е н толықтырулар енгізу				
2) құқықтық сауаттылық, конфликтология, жеке құраммен өз ара іс-қимыл психологиясы мәселелері бойынша командалық құрамның біліктілігін арттыру курстарын енгізу	о қ у бағдарламасы	2026 жылғы 4 -тоқсан	Қорғанысмині , ҰҚК келісу бойынша), ПИМ, МКҚ (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	-
3) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің шағымдары м е н өтініштерін тіркеуге және оларды анонимді түрде беруіне арналған құралдарды енгізу	есеп	2026 жылғы 4 -тоқсан	Қорғанысмині , ҰҚК (келісу бойынша), ПИМ, МКҚ (келісу бойынша), ТЖМ, БП (келісу бойынша), ЖИЦДМ	т а л а п етілмейді	-
4) армияға талантты жастар мен STEM-маман дарды тарту үшін жоо-мен бірлесіп әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерге арналған хакатондар мен зерттеу жобаларын өткізу	БАҚ-тағы жарияланымдар , келісімшарттар	2026 – 2030 жылдар жылына бір реттен сиретпей)	Қорғанысмині , ҰҚК (келісу бойынша), ПИМ, МКҚ (келісу бойынша), Т Ж М , ЖИЦДМ	т а л а п етілмейді	-

5) сарбаздарды қоғамдық-әле уметтік жобаларға тарту () қарттарға көмек көрсету , мектептердегі , балалар үйлеріндегі менторлық, білім беру бастамалары және басқа да іс-шаралар)	есеп	2026 – 2030 жылдар () токсан сайын)	Қорғанысмині , ҰҚК (келісу бойынша), ПІМ, МКҚ () келісу бойынша), ТЖМ, ЖАО	талап етілмейді	-
6) қызметке қабылдау және оны өткеру кезінде суицидке бейімділік бойынша психологиялы қ тестілеу өткізу	ұсынымдар, мінез- құлықты түзеу бағдарламасы	2026 – 2030 жылдар () жарты жылдықта бір рет)	Қорғанысмині , ҰҚК (келісу бойынша), ПІМ, МКҚ () келісу бойынша), ТЖМ	талап етілмейді	-
7) әскери қызметшілерд і ынталандыру және кәсіби дамыту үшін әскери қимылдардың және элиталық бөлімшелерді ң ардагерлерін, әскери психологтард ы және басқа да беделді спикерлерді тарту	есеп	2026 – 2030 жылдар	Қорғанысмині , ҰҚК (келісу бойынша), ПІМ, МКҚ () келісу бойынша), ТЖМ	талап етілмейді	-
Парасатты азаматты қалыптастыру дың өзекті мәселелерін талқылау					

12	ү ш і н жастардың қ о ғ а м қайраткерлері мен, пікір көшбасшылар ы м е н , ғалымдармен, спортшыларм ен, мәдениет өкілдерімен ж ә н е салауатты өмір салты м е н парасаттылық қағидаттарын ілгерілету жөніндегі бағдарламала р д ы ң амбассадорла ры мен тұрақты кездесулерін өткізу	БП-ға ақпарат , жарияланымд ар, есептер	2026 – 2030 жылдар (жарты жылдықта бір рет	ЖАО, ОМО	т а л а п етілмейді	-
13	Мейірімділік, адалдық пен жауапкершілі к құндылықтар ы н қалыптастыру ға, сондай-ақ "Адал азамат" қағидаттары негізінде балалар мен жастардың оң мінез-құлық модельдерін ілгерілетуге бағытталған балалар әдебиеті жанрындағы туындыларды басып шығару және танымал е т у мақсатында жазушылар	уәкілетті орган ұсынған ә д е б и шығармалар	2026 – 2030 жылдар (жылына бір реттен сиретпей)	МAM, OM, ҒЖБМ, ЖАО	көзделген қаражат есебінен және шегінде	РБ

	арасында конкурстар ұйымдастыру					
14	Кітапханалардың оқырман және тілдік клубтары базасында (аудандық, ауылдық деңгейге дейін) білім алушылар мен жастардың көрнекті қоғам қайраткерлері мен, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелерімен кездесулерін ұйымдастыру	кездесу хаттамалары, БАҚ-тағы жарияланымдар	2026 – 2030 жылдар (жартыжылдықта бір рет)	МММ, ЖАО	талап етілмейді	-
15	Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары білім беру жүйесі арқылы оқу мәдениетіне және кітапқа деген орнықты қызығушылықты тәрбиелеу бойынша ұлттық науқандар ұйымдастыру	бағдарлама	2026 – 2030 жылдар (жылына бір реттен сиретпей)	ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	талап етілмейді	-
	Оқу мәдениетін дамытуға, отандық және әлемдік балалар әдебиетіне деген қызығушылықты					

16	арттыруға, саналы оқу дағдылары мен шығармашыл ық өзін-өзі көрсетуді қалыптастыру ға бағытталған әдеби кештерді, кітап жәрмеңкелері мен шығармашыл ық конкурстарды білім беру ұйымдары мен балалар кітапханалар ы базасында ұйымдастыру және өткізу	іс-шаралар жоспары	2026 – 2030 жылдар (жылына бір реттен сиретпей)	ОМ, МАМ	талап етілмейді	-
17	Балалар контентінің жүйесін (мультимедиялық өнімдер және басқа да жобалар) құру	ақпараттық контент	2026 – 2030 жылдар (тоқсан сайын)	МАМ, ОМ, ЖАО	көзделген қаражат есебінен және шегінде	РБ
1.2. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықтық санасын дамыту						
	Көшпелі және стационарлық заңгерлік консультация беру нысандарын (құқық кабинеттері, тегін заң көмегі күндері, көшпелі қабылдаулар) ұйымдастыру және өткізу арқылы, ең алдымен ауылдық жерлерде					

18	заңгерлік ақпаратқа және тегін құқықтық көмекке қолжетімділікті кеңейту, сондай-ақ көрсетілген консультациялық қызметтердің сапасына азаматтардың қанағаттанушылығы деңгейін өлшей отырып, жалпыреспубликалық құқықтық ағарту акцияларын ("Халық заңгері", "Құқықтық дәріхана", өзгелер) іске асыру	кесте, есеп, сауалнама нәтижелері	2026 – 2030 жылдар жылына бір реттен сиретпей)	Әділетмині, (БП (келісу бойынша), ИМ, МАМ, ЖАО	талап етілмейді	-
19	Жаттықтырушы-тәлімгерлер институтын салауатты өмір салтының, заңға бағынатын мінез-құлықпен оң әлеуметтік құндылықтардың қоғамдық амбассадорлары ретінде дамыту, оларды халықпен, ең алдымен балалармен және жастармен тәрбиелік және	тәлімгерлік бағдарламалары	2026 – 2030 жылдар (токсан сайын)	(ТСМ, ЖАО	талап етілмейді	-

	мотивациялы қ жұмыстарға тарту					
20	Азаматтардың құқықтық хабардарлығы және олардың мемлекеттік органдар жүзеге асыратын құқықтық түсіндіру жұмысына қанағаттанушылығы деңгейін анықтау мақсатында халық арасында сауалнама жүргізу (құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша халыққа арналған бірыңғай сауалнама әзірлеу; мемлекеттік сайттарда, "eGov Mobile" электрондық үкіметтік мобильдік қосымшасында орналастыру; статистикалық деректердің динамикасын қадағалап отыру)	сауалнама жүргізу, құқықтық түсіндіру жұмысының әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар	2026 – 2030 жылдар жылына бір реттен сиретпей)	(Әділетмині, ЖИЦДМ	талап етілмейді	-
	Ақпараттық-құқықтық жүйелерде қабылданатын НҚА-ны түсіндірудің "					

21	проактивті" форматын, сондай-ақ НҚА-ны түсіндіру жөніндегі чат-боттарды енгізу	ақпараттық модуль, чат-боттар	2026 жылғы 4 -тоқсан	Әділетмині, ЖИЦДМ, ОМО, ЖАО	т а л а п етілмейді	-
22	Халықты әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау шараларын ақпараттық-идеологиялық сүйемелдеу	медиажоспар	2026 – 2030 жылдар (қаңтар)	(Еңбекмині	т а л а п етілмейді	-
	Азаматтардың цифрлық және қаржылық қауіпсіздігін арттыру:					
	1) әлеуметтік желілерде таргеттелген жарнаманы іске қосу арқылы азаматтар үшін тәуекелдер мен қауіп-қатерлер туралы жүргізілетін жұмыстарды жазып-көрсетіп отырып, алаяқтық жобаларға жаппай қарсы насихаттау	таргеттелген жарнаманы іске қосу	2025 жылғы қыркүйек	М А М , ЦДИАӨМ, ҚМА (келісу бойынша), ІІМ	көзделген қаражат есебінен және шегінде	РБ
	2) жалған ақпаратты теріске шығару және халықтың медиасауаттылығын арттыру	БП-ға ақпарат	2026 – 2030 жылдар (ай сайын)	М А М , ЖИЦДМ, ІІМ , ҚМА (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	-

23	бойынша жүйелі жұмыс жүргізу					
	3) адамдар к ө п жиналатын орындарда (сауда-ойын-сауық орталықтарын ың , супермаркетт ердің, дүкендердің, базарлардың, вокзалдардың , әуежайларды ң, оқу орындарының , кинотеатрлар дың , театрлардың, ХҚО-лардың және т.с.с. LED-экрандар ы) профилактика лық материалдард ы (бейнероликте р, баннерлер, ақпараттық жадынамалар және басқа да өнімдер) орналастыру және көрсету	профилактика лық материалдар	2026 – 2030 жылдар (ай сайын)	ЖАО, МАМ	көзделген қаражат есебінен және шегінде	ЖБ
	4) цифрлық және қаржылық қауіпсіздік бойынша форумдар өткізу	форум бағдарламасы	2026 – 2030 жылдар (бір жылына бір реттен сиретпей)	ҚМА (келісу бойынша), ЖАО, МАМ, ҒЖБМ, ЖИЦДМ, ҚНРДА (келісу бойынша), ІМ	талап етілмейді	-
	Халықтың қаржылық пирамидалар қызметіне					

тартылуының профилактикасы және оған жол бермеу:					
1) қаржылық пирамидалардың ұйымдастырушыларымен қатар, оған азаматтарды тартатын тұлғалардың жауапкершілігінің жаңа тәсілдерін әзірлеу және енгізу: қаржылық пирамидалардың белсенді қатысушыларының әкімшілік жауапкершілігі және олардан азаматтық тәртіппен залалды өндіріп алу мәселесін пысықтау	РСКҚ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу	2027 жылғы 2-тоқсан	ҚМА (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ИМ, СӘ (келісу бойынша)	(талап етілмейді	-
2) ҚМА базасында қаржылық пирамидалардың және олардың қызметінің белгілері бар жобалардың ИМ-мен бірлескен бірыңғай тізілімін жүргізу	тізілім, сайттағы ақпарат	2026 – 2030 жылдар (тоқсан сайын)	ҚМА (келісу бойынша), ИМ	талап етілмейді	-
Құмар ойындар саласына қатысушылардың жауапты мінез- құлқын					

калыптастыру :					
1) заңнамамен құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуға тыйым салынған адамдардың бәс тігуді бұғаттау үшін букмекерлік кеңселер клиенттеріне биометриялық сәйкестендіруді және СМС-верификацияны енгізу	РСКҚ, "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2027 жылғы 4 -тоқсан	ТСМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
2) заңсыз лотерея ұтыс ойындарын ұйымдастырғаны үшін жауапкершілікті күшейту және ынталандырушы ұтыс ойындары мен лотерея арасындағы айқын ажырату өлшемшарттары белгілеу	РСКҚ, Қазақстан Республикасының "Лотереялар және лотерея қызметі туралы", "Жарнама туралы" заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2027 жылғы 4 -тоқсан	ТСМ, ҚМА (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
3) ойын бизнесін ұйымдастырушылардың "ақ тізімін" және осы тізімде жоқ ұйымдастырушылардың пайдасына төлемдер	РСКҚ, "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2027 жылғы 4 -тоқсан	ТСМ, ҚМА (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша)	талап етілмейді	-

	жүргізуге тыйым салуды енгізу					
	4) заңсыз құмар ойындар мен бәс тігулер, сондай-ақ олардың жарнамасы бар сайттарды бұғаттауға арналған автоматтанды рылған жүйені енгізу	пайдалануға беру актісі	2027 жылғы 4 -тоқсан	Т С М , ЖИЦДМ	бюджеттен тыс қаражат есебінен	БТҚ
	Энергетикалы қ сусындар м е н алкогольді тұтыну деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау:					
	1) 21 жасқа толмаған адамдарға энергетикалы қ сусындар сатқаны үшін әкімшілік жауапкершілі кті енгізу	Қазақстан Республикасы н ы ң Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу	2025 – 2026 жылдар	ДСМ, ІМ, Әділетмині, ҰЭМ	т а л а п етілмейді	-
	2) елді мекендерде, әсіресе масаң күйде жүйелі түрде құқық бұзушылық ж а с а у фактілері тіркелген жерлерде алкоголь өнімін өткізуден бас т а р т у практикасын кезең-кезеңім ен кеңейту	БП-ға ақпарат	2026 – 2030 жылдар (4 тоқсан сайын)	Ж А О , " Атамекен" (ҰКП (келісу бойынша), ІМ	т а л а п етілмейді	-

3) алкогольді өткізуден азат қалалық аудандарды ("құрғақ аймақтар") құру	меморандум	2027 жылғы 4 -тоқсан	ЖАО, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	" талап етілмейді	-
